

- Suleymenov, R.S., Moiseev V.A. 1988. *Iz istorii Kazakhstana XVIII veka (o vneshney i vnutrenney politike Ablaya)* [From the history of Qazaqstan of the XVIII century (about the foreign and domestic policy of Ablai)]. Alma-Ata: Publishing house «Nauka».
- Valikhanov, Ch.Ch. 1984. *Sobraniye sochineniy v pyati tomakh* [Collected works in five volumes]. Vol. 1. Alma-Ata: Main editorial office of the Qazaq Soviet Encyclopedia.
- Valikhanov, Ch.Ch. 1985. *Sobraniye sochineniy v pyati tomakh* [Collected works in five volumes]. Vol. 3. Alma-Ata: Main editorial office of the Qazaq Soviet Encyclopedia.
- Zhanaev, B.T. (ed.). 2013. *Istoriya Kazakhstana v dokumentakh i materialakh: Al`manakh*. [History of Qazaqstan in documents and materials: Almanac]. Issue 3. Karaganda: Ekozhan.

Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest / Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді / Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье  
Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 20.02.2023

Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами: 20.04.2023

Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 01.06.2023



UDC/ӘОЖ/УДК 94"16/18"; 94(574)  
CICSTI/FTAMP/MPHTI 03.09.31; 03.20.00

## Qozheke Nazaruly and Archival Sources

**Rashid E. Orazov**

Senior Researcher, Chokan Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Qazaqstan.

E-mail: r.o.e@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-5473-2050>

<b>Keywords:</b> Qozheke Nazaruly; Taza-bek; colonization; national liberation movement; China; Russia; kuyshi; per-secution	<b>Тірек сөздер:</b> Қожеке Назарұлы; Тазабек; отарлау; ұлт-азаттық күрес; Қытай; Ресей; күйші; қудалау	<b>Ключевые слова:</b> Кожеке Назарулы; Тазабек; колонизация; национально-освободительного борьба; Китай; Россия; кюйши; гонения
--	---	--

The article is devoted to the activities of Qozheke Nazaruly, one of the leaders of the Qazaq national liberation uprising against the Russian colonial policy in Zhetysu (Semirechye). The formation of Qozheke Nazaruly as a bright socio-political figure, defending the interests of the Qazaqs, took place in his childhood in the conditions of the changing political situation in Zhetysu in the 1840–50s. His versatile activity, participation in the organization and leadership of the Qazaqs, military command and creative mastery were manifested early in his life under the influence of his father Nazar. He proved to be a skillful organizer and ruler, a brave *batyr*, a skilled composer and performer of *kyuys* (*kyushi*). Qozheke Nazaruly was one of the prominent representatives of the Zhetysu school of *kyushi*, who participated in its formation. In the article the biography and activities of Qozheke Nazaruly, his childhood, and his struggle with the colonial policy of the Russian Empire are examined on the basis of new and little-known archival documents. The sources being introduced to academy show the reasons that forced Qozheke Nazaruly to continue the struggle from outside his homeland and to retreat to China in 1862, among them the capture of Zhetysu by Russian troops at the beginning of the second half of the 19<sup>th</sup> century, the strengthening of colonial oppression, persecution against the Qazaqs and against Qozheke personally. His activity in Aitbozyskaya *volost* of Kulja region is studied. While in China, Qozheke also suffered political persecution. In 1884, he was arrested on false charges of robbing a caravan. For about a year, the Chinese authorities tortured him, seeking his confession. Between interrogations and torture in prison, he created his famous *kyuys* «Türmedegi qinau» («Torture in prison») and «Tas kömir şöğymen qinau» («Torture with burning coals»), showing the tragedy of his fate. In the autumn of 1885 Qozheke Nazaruly died under torture in a Chinese prison. New archival documents reveal the life path and activities of Qozheke Nazaruly.

**For citation:** Orazov Rashid E. 2023. Qozheke Nazaruly and Archival Sources. *Qazaq Historical Review*, 1 (2), 213–230 (in Qazaq).

## Қожеке Назарұлы және архив деректері

**Рашид Е. Оразов**

*аға ғылыми қызметкер, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан*

Мақала Жетісудағы Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы қазақ ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі Қожеке Назарұлының қызметіне арналған. Қожеке Назарұлының қазақ халқының мүддесін қорғаған болашақ жарқын қоғамдық-саяси қайраткер ретінде қалыптасуы балалық шағында, XIX ғасырдың 40–50-жылдарындағы Жетісудағы саяси жағдайдың құбылуы кезінде қалыптасады. Оның жан-жақты қызметі, қазақтарды ұйымдастыру мен басқаруға белсене араласуы, әскери жетекшілік қабілеті мен шығармашылық шеберлігі өмірінің алғашқы кезеңінде әкесі Назардың ықпалымен жүзеге асырылды. Ол өзін шебер ұйымдастырушы және рубасы, ержүрек батыр, шебер сазгер және күйші ретінде көрсете білді. Жетісу күйшілік мектебінің негізін қалауға атсалысқан көрнекті өкілдерінің бірі Қожеке Назарұлы еді. Мақалада бұрын ғылыми айналымға тартылмаған жаңа архив құжаттарына сүйене отырып, Қожеке Назарұлының өмірбаяны мен қызметі, балалық шағы, Ресей империясының отарлау саясатына қарсы күресі талданған. Ғылыми айналымға енгізілген дереккөздер Қожеке Назарұлын 1862 жылы туған жерінен тысқары жерден күресті жалғастырып, Қытайға қоныс аударуға мәжбүр еткен себептері көрсетілді, оның ішінде XIX ғасырдың екінші жартысының басында Жетісуды орыс әскерлерінің басып алуы, отаршылдық езгінің күшеюі, қазақтарға және Қожекенің өзіне қарсы қудалаудың күшейуі болатын. Оның Құлжа өңірінің Айтбозым болысындағы қызметі зерттелді. Қытайда жүргенде Қожеке де саяси қуғынға ұшырады. 1884 жылы ол керуенді тонады деген жалған айыппен тұтқындалды. Бір жылдай Қытай билігі оны азаптап, мойындатады. Жауап алу мен түрмедегі азаптау арасында ол өзінің тағдырының трагедиясын көрсететін әйгілі «Түрмедегі қинау», «Тас көмір шоғымен қинау» күйлерін шығарады. 1885 жылдың күзінде Қожеке Назарұлы Қытай түрмесінде азапталып өлтірілді. Қожеке Назарұлының өмір жолы мен қызметі тың архив құжаттарымен ашып көрсетілді.

**Сілтеме жасау үшін:** Оразов Р.Е. Қожеке Назарұлы және архив деректері. *Qazaq Historical Review*. 2023. № 1 (2). 213–230-б.

## Кожеке Назарұлы и архивные источники

**Рашид Е. Оразов**

*старший научный сотрудник, Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан*

Статья посвящена деятельности Кожеке Назарұлы, одного из руководителей казахского национально-освободительного восстания против российской колониальной политики Жетысу (Семиречье). Становление Кожеке Назарұлы как будущего яркого общественно-политического деятеля, защищавшего интересы казахского народа, происходило в детстве в условиях изменяющейся политической ситуации в Жетысу в 40–50-е годы XIX века. Его разносторонняя деятельность, активное участие в организации и управлении казаками, полководческие навыки и творческое мастерство проявились в раннем периоде жизни под влиянием отца Назара. Он проявил себя как умелый организатор и родоуправитель, отважный батыр, искусный композитор и исполнитель кюев (кюйши). Кожеке Назарұлы являлся одним из видных представителей жетысуской школы кюйши, участвовавшим в ее становлении. В статье на основе новых и малоизвестных архивных документов анализируется биография и деятельность Кожеке Назарұлы, его детские годы, борьба с колониальной политикой Российской империи. Вводимые в научный оборот источники показывают причины, вынудившие Кожеке Назарұлы продолжить борьбу из-за пределов родных земель и откочевать в Китай в 1862 году, среди них захват Жетысу русскими войсками в начале второй половины XIX века, усиление колониального гнета, гонения против казахов и лично против Кожеке. Изучается его деятельность в Айтбозымской волости Кульджинского края. Будучи в Китае Кожеке также подвергся политическим гонениям. В 1884 году он был арестован по ложному обвинению в ограблении каравана. Около года китайские власти подвергали его пыткам, добивались его признаний. Между допросами и пытками в тюрьме он создает известные кюи «Түрмедегі қинау» (Пытки в тюрьме), «Тас көмір шоғымен қинау» (Пытки горящими углями), показывающие трагизм его судьбы. Осенью 1885 года Кожеке Назарұлы погибает под пытками в китайской тюрьме. Новые архивные документы раскрывают жизненный путь и деятельность Кожеке Назарұлы.

**Для цитирования:** Оразов Р.Е. Кожеке Назарұлы и архивные источники. *Qazaq Historical Review*. 2023. № 1 (2). С. 213–230 (на каз. яз.).

### Кіріспе

Отандық тарихтағы жан-жақты зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелер мен «ақтаңдақтардың» бірі – халықтың тәуелсіздік жолындағы күрес тарихы. Ұлт-азаттық қозғалыстар мен

қаһармандық ерлік үлгісін көрсеткен батырлардың жүріп өткен жолы. XIX ғасырдағы қазақ жерінде болған ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы тұтас үдеріс ретінде үлкен рөл атқарады. Халықтық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және рухани қайшылықтардың түйіні болып табылатын ұлт-азаттық қозғалыстардың мазмұны терең. Қазіргі тәуелсіздіктің тұғырын нығайту жолында өткен тарихымызға, оның ішінде ұлтымыздың ұлт-азаттық күресіне қайта-қайта назар аударып жүргеніміз жөн. Ал ол ұлт-азаттық күрес тарихымыз шынайы болуы тиіс. Сондықтан бүгінгі күні ұлтымыздың ұлт-азаттық күрес тарихы өзекті болып отыр. Бұл жайында көптеген еңбек жазылды, әлденеше ғылыми зерттеулер жүргізілді. Тәуелсіздік жағдайында да әртүрлі кітаптар жарық көрді. Дегенмен бірқатар күрделі мәселелер әлі анықтауды қажет етеді. XIX ғасырдағы Қазақстандағы халық бұқарасының патша өкіметіне қарсылық қозғалыстары жеңіліспен аяқталды. Ол кезде басқаша болуы мүмкін де емес еді. Шындығында да сол кездегі ғылым мен тәжірибенің соңғы жетістіктерімен сақадай-сай қаруланған орыстың тұрақты әскери құрамына некен-саяқ мылтығы бар, негізінен қылыш, найзамен қаруланған қазақ жасақтарының төтеп беруі мүмкін емес еді. Бірақ бұл тарихи күрес елдің бостандығы мен намысы үшін күресі еді. XIX ғасырдағы қазақ азаттық қозғалыстарында көтерілісшілердің іс қимылдарының стихиялылығы басым болды, шешуші сәттерде бір жердің шеңберінен аспай қалуы өкімет әскерлеріне қазақ сарбаздарымен күресте үлкен жеңілдік туғызды. Көтерілісшілер бір ғана жерден бой көрсеткендіктен патша жазалаушылары да сол жерге шоғырланып, көтеріліс ошағын тез арада, оңай жоюға жол тауып отырды. Сондай-ақ жазалаушы күштердің бейбіт елді жазықсыз, шектен тыс қырып жоюы да көтерілісшілерге үлкен моральдық соққы болды, көтеріліс басшыларын дағдарысқа тіреді. Оның үстіне патша өкіметінің қазақ руларын бір-біріне айдап салған саясатының көтеріліс барысында әдейі өршітілуі де қозғалыстың жеңіліске ұшырауына әсер етпей қоймады. Көтерілісші халықтың көшпелі мал өсіруші қауым екендігі. Сондықтан көтерілісшілердің қимыл-әрекеті малдың ауанына толық тәуелді еді. Көтерілістер барысында Қытай елімен шекаралық аудандарда орыс жазалау әскерінен шегініп, Қытай асып отырған кездер тарихта болып тұрды.

### Материалдар мен әдіс-тәсілдері

Зерттеу жұмысында архив құжаттары, атап айтқанда Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивіндегі 44-қор (Жетісу облыстық бақармасы), 21-қор (Құлжа ісінің кеңсесі) қорларында сақталған материалдар дерек көзі ретінде кеңінен пайдаланылды. Архив құжаттары деректанулық талаптарға сай талдаудан өткізіліп барып қолданыс тапты.

Мақаланы жазуда тарихилық принцип пен өркениеттілік ұстаным басшылыққа алынды. Тарихилық принцип негізінде XIX ғасыр мен XX басындағы азаттық күрес тарихын сол дәуірдегі басқа оқиғалар мен құбылыстармен тығыз байланыста қарастырудың мүмкіндігі артса, өркениеттілік ұстаным аясында зиялылардың өз дәуірінің демократиялық талаптарына сай құбылыс ретінде бағаланды.

### Талдау

Тәуелсіздік жылдары отандық тарих ғылымында ұлт-азаттық күрестің тарихын зерттеген еңбектер жарық көрді. Академик Манаш Қозыбаев «Ұлт-азаттық қозғалысының белестері» атты шығармашылық еңбегінде «Методологиялық маңызы бар мәселенің бірі «ұлт-азаттық қозғалысы», «Отан соғысы», «ұлт-азаттық революциясы», «демократиялық қозғалыс» сияқты ұғымдар, олардың ішкі мазмұны. Ұлт-азаттық қозғалысы отар елдерге тән, ал елде ұлттық езгі барша халықты қанайды, сондықтан да ұлттың әртүрлі әлеуметтік топтарының мүддесі бір ұлттық арнаға құйылады. Ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі мақсаты ұлтты өзгеден азат ету, оның ұлттық мүддесін қорғайтын мемлекеттілігін, дербестігін қалпына келтіру» – деп баса көрсеткен [Қозыбаев 2013: 281]. Тарихшы Александр Рязанов айтқандай «шығыстан жаңа отар, жаңа рынок іздеген жаулап алушы ірі мемлекет Ресейді кең дала

аймақтарында шашырап жатқан, экономикасы төмен дамыған, нашар ұйымдасқан көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар мен халықтар өздерінің әлсіз күшімен тоқтата алмады» [Рязанов 1925: 22].

Әскери тарихшы Игорь Бабковтың 1912 жылы жазылған естелігі XIX ғасырдағы қазақ-қытай қарым-қатынасына патша өкіметінің әрдайым көңіл бөліп отырғандығын аңғартады. Сонымен қатар қазақтардың жауынгерлік қабілетін: «Қазақтар казактарға қарағанда тамаша шабандоз, жақсы жауынгер болу үшін оларға тек қару ғана жетпейді. Егер қарулары болса, олар біздің емес, біз олардың заңымен өмір сүрер едік» [Бабков 1912: 29], – деп шынайы бағалайды. Вячеслав Кузнецов Орталық Азиядағы халықаралық жағдайларды объективті тұрғыдан бағалауға ұмтылады, зерттеуші Қытай империясының мұсылмандардың бірлескен әрекетін болдырмау – Цин империясының XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Орта Азияға қатысты сыртқы саясатында ұстанған бағыты болғанын және қазақтар мен қырғыздардың Қашқария халқының «дінсіздерге» қарсы күресін қолдағанын ғылыми негіздеп берді [Кузнецов 1983]. Патшалық Ресейдің Жетісу өлкесін әскери жаулап алуының басы-қасында болған Ресейдің бас штабы офицерлерінің және ғалымдарының XIX ғасырдың екінші жартысында жазып қалдырған еңбектерінде сол кездегі қазақ халқының өмірі мен көршілік қытай елдерімен қарым-қатынасы біршама қарастырылады. Орыс әскерілерінің алдындағы мақсат қалайда өлкені тезірек отарлап, Ресей империясына қосу болса, орыс ғалымдары алдындағы мақсат та бұл жерді отарлағанда, қандай пайда түсерін айқындап беру болды.

### Зерттеу нәтижелері

Қожеке Назарұлының осы уақытқа дейін өмірі мен қызметі толыққанды зерттелген емес. Қожекенің өмір жолы ел тарихындағы аса күрделі кезеңге сәйкес келді. Себебі бұл кезең батырдың туып өскен жері Жетісу өңіріне үш мемлекеттің Қытай, Қоқан және Ресейдің көз тіккен тұс еді. Оларға қабат-қабат алым-салық төлеп ауыр езгіге түскен болатын. Қожеке Назарұлы 1823 жылы жер жаннаты Жетісудың төрі – Қарқара жайлауында дүниеге келген. Албан ішінде Құрман-Үмбет-Елікбай аталарынан өрбиді. Үлкен атасы Қасабайдан Назар, Қату, Ерсары, Мұстек деген төрт ұл. Әкесі Назардың бәйбішесінен Нияз, Қожеке, Тілеке, тоқалынан Іліп, Дулат деген бес ұл болды [Бәйдібек баба – Алып бәйтерек 2003: 910]. Қожекенің әкесі Назар сөзге шешен, төңірегіне ықпалды адам болған. Қожекенің ел ісіне ерте араласуына әке тәрбиесі ықпал еткен. Елге аты танымал ақын Шалтабай Алпарұлының:

*Қожеке, сенің әкең Назар еді,  
Назардың жүрген жері базар еді.  
Іліпбай, Саурық ағам тірі болса,  
Артымнан бір қағаз жазар еді»*

*– деген өлең шумағы Қожекенің әкесі Назардың да ел ішінде сал-сері болғанын білдіреді* [Әлібек 2008: 16].

XIX ғасырдың 60-шы жылдары басында, орыстар Қытайға қарсы дипломатиялық әдістер, әскери күшін көрсету, арандатулар сияқты небір әдіс-амалдарды қолданды. Алайда, шекараны анықтау кезінде қытайлықтар орыстардан Қаратал өзеніне дейінгі жерлерді Қытай империясының иелігіне беруді талап етті. Орыстар көнбеген соң, қытай жағы Зайсаннан бастап Ыстықкөлге дейінгі аралықтағы бұрынғы шекара пикеттерін аралауға әскерін шығарып, шекара белгілерін қоя бастайды. Қытайлықтардың бұл әрекетіне тосқауыл қоюға орыс әкімшілігі штабс-капитан Блюменталь бастаған казактарды жібереді. Орыс әскерінің құрамында Тезек сұлтан бастаған қазақтар да болады. Құрамында 800 қытай, 300 қалмақ және албандардың Саурық биі бастаған 200 қазағы бар қытай әскері Қарқара өзенінің бойында орыс әскерін қоршап алады. Бірақ, генштаб капитаны Проценко бастаған әскердің көмекке уақытында келуі орыстарды толық талқандалудан аман алып қалып, қытайлықтарды өз иелігіне қарай шегінуге мәжбүр етеді. Бұл жерде атап көрсететін мәселе, қытайлықтар мен

орыстар албан қазақтарын өз мүддесіне пайдалануға тырысты. Қытай жағы Саурық биді өздерімен бірге алып жүріп, Тезек сұлтанды орыстардан босатып алғысы келді. Себебі қытайлықтар осы екеуі арқылы албандарды орыс билігіне қарсы көтеруді көздесе, ал орыстар албандықтардың қытайды қолдап кету қаупі болғандықтан, Тезекті және тағы басқа ру басшыларын аманат ретінде алып жүрді. Оқиғаның қалай болғанын орыстың әскери шенеунігі Бабков былай деп жазады өз еңбегінде:

*1862 жылы 800 әскері бар қытайдың генералы Хабцисянь Қарқара өзенінің бойында штаб-капитан Блюменталь басқарған орыстың азғантай әскерін қоршап алады. Қытайлықтар бұл шайқаста 200 қазағы бар албандардың биі Саурықты өз мүдделеріне пайдаланады. Олар орыс әскеріне барлық маңызды позицияларды бақылауға алады. Қытайлықтар бізге келетін пошта мен азық-түлікті басып алуға және біздің әскерде құрамында жүрген Тезек төрені босатып алуға барынша тырысып бақты. Бірақ орыс әскеріне көмек келе жатыр деген хабарды ести салысымен қытайлықтар барын тастай сала шегініп кетеді [Бабков 1912: 165–167].*

1862 жылы мамырдың 27–28 күндері жазылған қытай деректерінде:

*Қазақтың ру басы Саурық ойраттар жайлауынан жасырынып өтіп келіп мал бағып жүріпті. Одан олардың келу жөнін сұрағанымзда ол былай деді: «Біз жеті атамыздан бері ұлы мәртебелі патшаның жеріне мал бағып келгенімізге міне 140 жылдан асты. Шамамыз келгенше ат тарту етіп, бейбіт өмір сүріп келген едік. Бүгінгі күні орыстар біздің отырған жерімізді өзінікі санап, бізді қысып жатыр. Оның үстіне Абылайдың баласы Тезек келіп, біздің ол жерімізді орыстардікі, сендер орыстарға бағынышты боласыңдар деп бізге қысым жасады. Біз оның айтқанына көнбедік. Сонымен қарауылдың ішіне қарай көшіп келдік. Осы жолы көшіп келгендер үш рудың қазақтары екендігін, оның бірі Айт-Бозым руы, екінші бірі Алжан руы және бірі Сегізсары руы екенін айтты [Мұқаметханұлы 2000: 84].*

Саурық батыр бастаған көштің біреудің жеріне емес, өздерінің ата-бабаларының ежелгі өрісі, қонысына көшіп барғанын айтуға болады. Зерттеуші ғалымның еңбегінде Қожеке Назарұлы туралы деректер назардан тыс қалған.

1862 жылы қыста Іле (Құлжа) басшылығы Ұлы жүз қазақтарына оның ішінде Албан руына Іле өзенінің солтүстігіне көшуіне рұқсат берді. XIX ғасырдың екінші жартысынан Жетісуға тізе батыра бастаған Ресейдің отаршыл саясатына бас имеген Қожеке 1862 жылы төрт жүздей үйді бастап, үдере көшкен беті Текес өзенінің бойына келеді. Қожеке бастаған рулы елдің көшіп келуіне Қытай өкіметі де бейтарап қарамаған.

1865–1866 жылдары, орыс әкімшігінің ресми мәліметі бойынша, Алатау округынан 841 түтін Қытайға өткен. Олардың арасында албан руының Саурық, Малабай, Жетен (500 түтінмен өткен) сияқты батырлары, Еспер, Қасаболат, Әліке биі, суан руының Өстемір биі, Тезек төренің бауыры Дүрәлі сұлтан, қырғыздың бұғы руының Сабатар молдасы болған. Құлжаға қарай өткендердің жалпы саны 5500-дей түтінді, 22 340 адамды құраған [Аристов 1874: 208]. 1867 жылы мамырда Текеске аттандырылған полковник Полтарацкий бұғы руының манабы Сарпектің баласы Күшіктің (Кучук) жігіттерін де өз отрядына жол көрсету үшін қосып алады. Полтарацкийдің бұйыруымен есаул Халдеевтің отряды түнде келіп, Саурық пен Балбайдың ауылын қапылыста қоршап алып, Саурық пен Балбайды тұтқындайды. Полтарацкий қазақ, қырғыз ауылдарын қайта бұрынғы қоныстанған жерлеріне күшпен қайтарып, Саурық, Балбай, Сабатыр молда, Молдажан және Дүрәліні Верныйға әкеліп, түрмеге отырғызады. Қазақ, қырғыздың орыс бодандығына мойынсұнбаған өзге билеушілеріне сабақ болуын көздеп, Жетісу облыстық әскери губернаторы Колпаковский оларды қатаң жазалауды ойластырады. Колпаковский Саурық пен Балбайды дала соты бойынша сұраусыз атып тастауды, ал Дүрәліні итжеккенге айдатып жіберуді ұсынады. Осы тұста Жетісу облысы Түркістан өлкесінің құрамына енуіне байланысты Колпаковский

қарауындағы қазақ, қырғыз ісі Түркістан генерал-губернаторы Кауфманның құзырына өткізіледі [Джамгерчинов 1966: 274]. Кауфман оларды ақтау жөн деген шешімге келеді. Себебі, орыс әкімшілігі Дүрәлі сұлтан мен Саурық батырға ойлануға 6 ай уақыт берген болатын. Ал оларды орыс отряды 6 ай толмай жатып тұтқындағанын және орыс басшылығының сөзіне жергілікті халықтың сенуден қалатынын ескеріп, ақыры Кауфман Саурық пен Дүрәліні 1867 жылы қазан айында қамаудан босатып жібереді. Қожеке Назарұлынан кейін 1871 жылы сәуірде Тазабек Пұсырманов 1000 түтіннен тұратын ауылымен Қытай асып кетті. Тазабек Пұсырманов Ұлы жүздің албан руының ықпалды да беделді билерінің бірі болған. Патша өкіметі қазақ қана емес, қырғыздар арасында да беделді, әрі танымал Тазабекті өз жағына тарту үшін және Үмбетәлі манап пен Тезек төре сияқты қазақ, қырғыз билеушілеріне қарсы пайдалануды көздеп әскери шен де берді, сый-сияпаттар да көрсетті. Бірақ Тазабек батыр оңайлықпен илікпеді, сондықтан орыс отаршыл билік орындарының қуғын-сүргініне ұшырады. 1871 жылы болыстыққа сайлауға түсіп, орыс әкімшілігі Құлжаға көшіп барғаны үшін оның кандидатурасын өткізбей тастайды. Оның үстіне қалмақтарды өлтіргендерді ұстап бермей, құтқарып қалды деп айыпталып, қуғынға ұшырайды. Қазақ, қырғыз ауылдарының Шығыс Түркістанға көшіп, көтерілісшілерге қосылып кетуінің негізгі себебі орыс отаршылдығына қарсылықта жатты, әсіресе, 1867 жылғы Уақытша ережеге наразылықпен байланысты еді. 1871 жылы 18 сәуірде есаул Герасимов 32 казак және 1 урядниктен, 100 қазақтан тұратын отрядты бастап, Ақтоғай өзені маңындағы Мойнақ деген жерде орналасқан Тазабек ауылына жақындап келіп, Тазабектің отрядқа өз еркімен келуін талап етеді. Тазабек батыр жігіттерімен атқа қонып, орыс отрядына қарсы шабуылға шығады. Алғашқы кездесуде Тазабек батырдың жігіттері басым түседі.

*Тазабек батырдың жасағы көріне сала отряд құрамындағы әр болыстан жиналған 300 албан жігіті аттарына міне сала әр жаққа бытырай қашып кетті. Ауылынай Жақыпты қуып жеткендер оған қылышпен және найзамен 13 жерден жарақат салды... Тазабектің жаяулы-атты 140 жігіті таңға дейін жасаған 3 шабуылына тойтарыс берілді [Русский Туркестан 1872: 219].*

Таң атқаннан кейін Тазабек ауылы теңдері мен малдарын тастап, Құлжаға қарай қашады. Орыс әскерлері қолына Тазабек батырдың 1 туысы және ауылдасы тұтқынға түсіп қалады. Тазабекпен бірге Шонжа және Темір-Құтылық болыстарының 1000-нан аса түтіні кетеді. Тазабек бастаған қазақтардың жолын тосып, жібермеу үшін солтүстік жақтан хорунжий Копцов отряды жіберіледі. Тазабекке Құлжа сұлтанының 200 адамдық қолы көмекке келеді. Құлжа сұлтаны Әлихан Тазабекті Тоғызторауға, қырғыздар арасына орналастырған болатын. «Тазабектің 1000 түтінмен Құлжаға өтуі Колпаковскийдің жорыққа шығуына себеп болды» [Макшеев 1890: 286], – деп жазды Алексей Макшеев. Жетісу әскери губернаторы Құлжа сұлтанынан 7 күннің ішінде, яғни 7 мамырға дейін Тазабекті ұстап қайтаруды талап етеді, қайтармаса соғыс ашатынын мәлімдейді. Құлжа сұлтаны оны бермей қойды [Талып Молдо 1995: 96]. Патшалық Ресейдің Тазабекті қайтар деп талап етуі жәй ғана сылтау еді. Шын негізінде, патша өкіметі Тазабекті Жақыпбектің қолына өтіп кетуінен қауіптенді. Жақыпбектің әскерлерін Англия жаңа үлгідегі қару-жарақтармен қамтамасыз еткені де орыс жағының бәсекелестігін тудырды. 1871 жылы 22 маусымда Герасим Колпаковский Әлиханның қолынан Құлжа қақпасының кілтін алады. Іле өлкесінің орыстар қолына өткенін естіген қазақ, қырғыздар Қашқардағы Жақыпбекке кету мақсатымен оңтүстікке қарай қашты. Орыс офицері оларды әрең қуып жетіп, тоқтатып, бұрынғы жерлеріне қайтарып әкеледі. Олардың қарсылығын басу үшін, тіпті, бұрынғы болыс басқарушыларын да өзгертпеуге уәде етеді. Әлихан Тазабек пен оның серіктерін орыстар қолына беруге мәжбүр болады [ҚР ОМА. 825-қ. 1-т. 32-іс. 1–2-пп.].

Дала сотына кесілген Тазабек Пұсырманұлы түрмеде 1872 жылы наурызда тергеу ісі бітпей жатып, қаза табады [ҚР ОМА. 825-қ. 1-т. 32-іс. 1-п.]. Тазабек ұрпақтарының айтуынша, батырды түрмеде ү беріп өлтіргенімен қоймай, билік орындары оның сүйегін алу үшін

туыстарынан 2000 жылқы беруді талап еткен екен [Қауғабаев 1995: 10]. Ал Тазабек батырмен бірге Қытайға кетіп, бірге қолға түскен Шалтабай Алпарұлы 10 жылға Сібірге айдалды.

*Қолына түсіп орыстың  
Көрдім дүние жалғанын,  
Тазабек, Саурық күш қоспай,  
Тараншыға сенем деп,  
Тістеулі кетті-ау бармағым,  
Ішімде кетті-ау арманым – деп тебіренген Шалтабай Алпарұлы.*

Айдаудан қайтқан соң, қырғыз жеріне өтіп кетіп, сонда көз жұмады [Жансүгіров 2001: 52].

Архив деректеріне сүйенсек, 1871 жылы Құлжа ауданын орыс әскері жаулап алғанда 3 албан болыстығы яғни, Айтбозым, Қоңырбөрік және Сегізсары өмір сүргені, олардан алынған салық пен болыстық сайлаулар қағазға қатталған. 1875–1877 жылдар аралығында Құлжа ауданына қарасты 3 учасктоктегі Айтбозым болысының сайлауында болыс болып Әділбек Тілесов, үміткері болып Манас Дулатов сайланса, билер сайлауында бірінші ауыл биі болып Қожеке Назаров, екінші ауыл биіне Ілгедай Жанғозин, үшінші ауыл биіне Қоды Қанаев, төртінші ауыл биіне Жантелі Ақымбековты сайланады (1–2-сур.) [ҚР ОМА. 21-қ. 1-т. 170-іс. 22, 116-пп.]. Қожеке Назарұлына берілген мінездемеде бұрын істі болмаған, қарызы жоқ, би қызметінде 1871 жылдан бері деп жазылған.

1876 жылы Құлжа өлкесі оңтүстік участогының басшысы майор Герасимовтың жүргізген санағы бойынша Қоңырбөрік болыстыңы төрт ауылдан тұрып, онда 866 түтін, 2270 ер адам, 2077 әйел адам, 1149 түйе, 10841 жылқы, 6776 ірі қара, 90220 қай тіркелсе, Сегізсары болыстығының төрт ауылында 981 түтін, 2579 ер, 2398 әйел, 1501 түйе, 15735 жылқы, 6151 ірі қара, 103806 қойы қағазға қатталыпты. Айтбозым болыстығы да төрт ауылдан тұрып, онда 948 түтін, 2428 ер, 2114 әйел, 763 түйе, 13746 жылқы 5180 ірі қара, 86304 қойы бар екендігі көрсетілген [ҚР ОМА. 44-қ. 1-т. 21340-іс. 39–81 пп.].

Ағайынды Назаровтар Айтбозым болыстығына қарасты бірінші ауылда тұрған. Қожеке Назаровтың отбасында 7 ер, 3 әйел, малынан 3 түйе, 130 жылқы, 135 қойы, ал Нияз Назаровтың отбасында 5 ер, 3 әйел, малынан 2 түйе, 58 жылқы, Іліп Назаровтың отбасында 4 ер, 2 әйел, 32 жылқы 6 ірі қара 135 қой, Дулат Назаровтың отбасында 3 ер, 3 әйел, бір түйе, 15 жылқы 6 ірі қара, 55 қой, Тілеке Назаровтың отбасында 6 ер, 3 әйел, 25 ірі қара 40 қой бар деп хатталыпты [ҚР ОМА. 44-қ. 1-т. 21340-іс. 69-п.]. Орыс бодандығы кезінде алынатын салықтың салдарынан малдарын төмендетіп көрсету кең белең алғаны мәлім.

1877 жылы 27 қазанда Тоғызтарау аңғарында алдағы 1878–1880 жылдар аралығында Құлжа ауданына қарасты Айтбозым, Қоңырбөрік және Сегізсары болыстықтырының сайлауы өтеді. Сайлау барысында Айтбозым болысының болысы болып Әділбек Тілесов, үміткері Манас Дулатов, бірінші ауыл биі болып 44 жастағы Қожеке Назаров, екінші ауыл биі болып 38 жастағы Ілгедай Жанғозин, үшінші ауыл биіне 40 жастағы Қоды Қанаев, төртінші ауыл биіне 40 жастағы Жантелі Ақымбековты сайланады. Қоңырбөрік болысына болыс болып Кеспер Башин, үміткеріне Тайтелі Нұралин, бірінші ауыл биі 45 жастағы Еспер Башин, екінші ауыл биі 45 жастағы Кентай Бөлекбаев, үшінші ауыл биі 39 жастағы Дүйсебай Кашкин, төртінші ауыл биіне 34 жастағы Сатыбай Сенкібаев сайланады. Сегізсары болысына болыс болып Атабай Тоқсанбаев, үміткеріне Найманбай Қасаболатов, бірінші ауыл биіне 50 жастағы Қызылбөрік Қарашев, екінші ауыл биіне 31 жастағы Жансейіт Қауменев, үшінші ауыл биіне 50 жастағы Мәке Түкеев, төртінші ауыл биіне 58 жастағы Шары Үмбетеев сайланған (3-сур.) [ҚР ОМА. 21-қ. 1-т. 379-іс. 9–14 пп.].

1879 жылы патшалық Ресей билігі өзіне бағынышты болыстықтарға түрлі шен-шекпен таратуды да назардан тыс қалдырған емес. Оның дәлелі Құлжа аймағындағы Қоңырбөрік болысының биі Еспер Башинге, Айтбозым болысының болысы Әділбек Тілесов пен осы




Fig. 1. Fragment of an archival document. Central State Archive of the Republic of Qazaqstan, holding 21, register 1, file 170, page 22  
 1-сур. Архивтік құжат үзіндісі. ҚР ОМА. 21-қ. 1-т. 170-іс. 22-п.  
 Рис. 1. Фрагмент архивного документа. ЦГА РК. Ф.21. Оп.1. Д.170. Л.22.



болыстықтың биі Қожеке Назаровтарға үлкен күміс медальімен мойынға тағатын Станислав лентасымен, Сегізсары болысының құрметті қазағы Қасаболат Үркінбаев пен Қоңырбөрік болысының болысы Кеспер Башинге күміс стақан марапаттаған. Осы жылы Еспер Башин №1877, Қожеке Назаров №1878, Әділбек Тілесов №1879 куәлікпен медальдарын алғаны жөнінде жазбаша түсінік бергендігі архив құжаттарында сақталған (4–7-сур.) [ҚР ОМА. 21-қ. 1-т. 508-іс. 39–40, 60–62 pp.].

1881–1884 жылдар аралығына билер сайлауында Қожеке Назаров сайлауда төмен дауыс алуына байланысты бірінші ауылдың биі болып Бурабай Төгерекөв сайланған. Ал екінші ауыл биі болып Ілгідай Жанғозин, үшінші ауыл биі болып Тәтімбек, төртінші ауыл биі болып Жантелі Ақымбеков сайланған болатын [ҚР ОМА. 21-қ. 1-т. 726-іс. 9–13 pp.].

1882 жылы 25 қыркүйекте Верный уезі бастығының екінші көмекшісі штабс-капитан Кашкаровтың уезд бастығына жолдаған №271 мәліметінде:




Fig. 2. Fragment of an archival document. Central State Archive of the Republic of Qazaqstan, holding 21, register 1, file 170, page 116b

2-сур. Архивтік құжат үзіндісі. ҚР ОМА. 21-қ. 1-т. 170-іс. 116-п.

Рис. 2. Фрагмент архивного документа. ЦГА РК. Ф.21. Оп.1. Д.170. Л.116 об.



12.

*Измайловский уезд*  
*Известие о выборах в избирательную*  
*комиссию в 1878, 1879*  
*и 1880 году.*

*Составлена 27 октября 1878 г.*

№	Имена и фамилии членов избирательной комиссии	количество голосов	голоса		замечания
			за	против	
1	Ладченко Александр	44	8	-	<i>Избранная избирательная комиссия  составлена по выбору из числа  гражданского сословия в  пользу успеха и справедливости не  составили, если бы не  поведение, по поводу, дамы  избирательной комиссии  в 1878 году</i>
2	Мисюгин Александр	38	8	-	
3	Кара Караев	40	8	-	
4	Косицкий Александр	40	8	-	

*Иван Косицкий*

Имена и фамилии избирателей:  
 Дубовый Султанаев  
 Кузнецов Михаил  
 Зектувант Александр  
 Мухоморов Александр



Fig. 3. Fragment of an archival document. Central State Archive of the Republic of Qazaqstan, holding 21, register 1, file 379  
 3-сур. Архивтік құжат үзіндісі. ҚР ОМА. 21-қ. 1-т. 379-іс  
 Рис. 3. Фрагмент архивного документа. ЦГА РК. Ф.21. Оп.1. Д.379

*Бүгінгі күнге тағайындалған тоғыз албан болысы мен Құлжадағы албандардың жер бөлу туралы съезіне, болыс басшылары Әділбек пен Атабайдың Құлжаға сапарына байланысты келмей қалды, ал Кеспер мен Еспер ағалары молда Оразалыны өз аттарынан жіберген, мен үш болысқа жер бөлу жөніндегі съезде келуге ұсыныспен Байғабатты жібергем, ол маған Айтбозым болысының қазақтары Қожеке Назаров баласы Нұрқа және туыстарымен Құлжалық албандарды Қытай бодандығында қалдыру үшін оларды үгіттеп жатқанын хабарлады. Меркі болысының қазағы Секербай Қойайдаров Қытайға өтуге келіспегені үшін анасын, әйелі, балалары, малдарын Қожеке өзімен бірге алып кеткені туралы шағымымен растады.*

*Қожеке баласы Нұрқамен басынан аяғына дейін қытай киімін киген, мұны өз көзімен көрген адам Байғабат, сондай-ақ Қожеке Құлжа өлкесіндегі үш болыс албандар мен біздің билігіміздегі құрмандар арасында ашық насихат жүргізіп қытай билігінде қалуға үгіттеуде. Қожекенің туысы Ақбура, Құлжа албандарын болыстықтарға жер бөлу жөніндегі біздің албандар съезіне шақыруымды сол жерге осы мақсатқа жіберген Байғабатты күшпен ұстаған.*

*Құлжадағы албандар мен біздің албандардың бір бөлігінің арасындағы Қожеке өте беделді адам, оларға күшті ықпал етіп, үш болыстағы кейбір халық көсемдері қытайлардың жомарттығына сеніп, олардан марапат алып, олар халықты сонда қалдыра бастады, ал біздің қазақтардың жалпы айтуы бойынша, халық бізге қоныс аударғысы келеді. Бұл болыстардың бөлінуіне тыйым салу кейбір халық көсемдерінің өздерінің өршіл мақсаттарын халықтың өздеріне зиянын тигізіп, жүзеге асыруына оң әсер етеді. Неліктен мен Қожеке, Нұрқа, Ақбура және басқа да үгітшілерді тұтқындауға рұқсат беруіңізді жоғары мәртебеңізден сұрау құрметіне ие болдым. Бұл шара албан қазақтарының санасын тыныштандыру үшін қажет, олардың арасында Қожеке мен оның ұлы Нұрқа сияқты қытайлық үгітшілер өздерінің діннен безгенін мақтап, қытай киімін киіп, ашық үгіт-насихат жүргізуден тартынбайды, қытайлардың артықшылығы туралы қауесетті таратады, орыстар билігіне қоныс аударған қазақтарды жазалайды-мыс. Қожекенің және оған ұқсастардың тұтқындалуы халыққа бұл өсек-аяңдардың негізсіздігін және орыстардың қытайлардан барлық артықшылығын көрсетеді, ал соңғылары халық арасында үгіт-насихат жүргізуді соншалықты ашық және дәрекі түрде жүргізу мүмкін еместігін түсінеді.*

*Бұл шара біздің қазақтардың санасын тыныштандыру үшін әлі де қажет, олардың түсінігі бойынша, Қожекенің толқуларына қатысты әрекетсіздігіміз біздің әлсіздігімізбен түсіндіріледі. Құлжа албандарының арасында туыстары бар қазақтардың көпшілігі оларды болысына қабылдауға рұқсат сұрап, бүкіл Құлжа албандары күннен-күнге арызданатын Қожеке оқиғасының соңы қалай боларын тағатсыздана күтіп отырғанын айтады [ҚР ОМА. 21-қ. 1-т. 754-іс. 201–204 pp.].*

1882 жылы 25 қыркүйекте Жетісу әскери губернаторының Дала генерал-губернаторына жолдаған №1762 мәліметінде:

*Верный уезі бастығының 29 қыркүйекте жазбасында Албан қазақтарының арасындағы жер бөлу съезіне Құлжа өлкесіндегі албандардың қатыспауы және Айтбозым болысының белгілі тұлғасы Қожеке Назарұлы баласы Нұрқамен және туыстарымен Құлжа албандарын орыс билігіне өтпеуге үгіттеп, қытай билігінің қол астында қалуды айтқаны үшін оларды тұтқындау туралы уезд басшылығынан рұқсат сұрап жазған еді. Верный уезі бастығы Қожеке мен басқада тұлғаларды тұтқындауға рұқсат бермеген, мен оған келісемін – деп жазған [ҚР ОМА. 21-қ. 1-т. 754-іс. 213–214 pp.].*

XIX ғасырдың жетпісінші жылдары яғни, 1871 жылы Құлжа өлкесін жаулап алуға қатысқан Николай Изразцов 1873 жылы Құлжа ауданының 2-ші участогінде әкімшілік басқару қызметінде болған кезде, қазақ халқының этнографиялық әдет ғұрыптарына қатысты материалдар жинаған. Осы материалдар ішінде Қожеке Назарұлына қатысты өте құнды деректер берілген.

№№	Имя и фамилия.	Наименование награды.
7.	Гизо Кокорбурковской волости киргизу Меперу Ващину.	Вольнуго серебрянуго медали для пошениа на шевь на Станиславской ленть.
8.	Гизо Литвоуиовской волости Хоржеке Назарову.	Вольнуго серебрянуго медали для пошениа на шевь на Станиславской ленть.
9.	Волостному Управителю Литвоуиовской волости Аршмьбеку Тилсову.	Вольнуго серебрянуго медали для пошениа на шевь на Станиславской ленть.
10.	Почетному киргизу Когиссаринской волости Касабулату Уркенбасву.	Серебрянный стакань.
11.	Волостному Управителю Кокорбурковской волости Кесперу Ващину.	Серебрянный стакань.



Fig. 4. Fragment of an archival document. Central State Archive of the Republic of Qazaqstan, holding 21, register 1, file 508

4-сур. Архивтік құжат үзіндісі. ҚР ОМА. 21-қ. 1-т. 508-іс

Рис. 4. Фрагмент архивного документа. ЦГА РК. Ф.21. Оп.1. Д.508




Fig. 5. Fragment of an archival document. Central State Archive of the Republic of Qazaqstan, holding 21, register 1, file 508, page 61

5-сур. Архивтік құжат үзіндісі. ҚР ОМА. 21-қ. 1-т. 508-іс. 61-п.

Рис. 5. Фрагмент архивного документа. ЦГА РК. Ф.21. Оп.1. Д.508. Л.61 об.




Fig. 6. Fragment of an archival document. Central State Archive of the Republic of Qazaqstan, holding 21, register 1, file 508, page 62

6-сур. Архивтік құжат үзіндісі. ҚР ОМА. 21-қ, 1-т. 508-іс. 62-п.

Рис. 6. Фрагмент архивного документа. ЦГА РК. Ф.21. Оп.1. Д.508. Л.62

Қожеке би он алты жасында Бекназар атты туысынан Деріпсәлінің сұлу қызы бар екенін естиді. Қожеке Бекназарды аталған қызды айттыруға жібереді. Деріпсәлі қызын беруге келіседі. Соңғысы өзімен бірге бес жолдасы мен бір атын алып, Деріпсәліге барып, ұсынысқа келісімін алған соң, оған бір жылқы берді. Олар қалың малды 83 байталмен төлеуге келіседі. Деріпсәлі жақын туыстарын құдаларымен бірге тамақ ішуге шақырды. Құдаларға арнап үш қой және бір жылқы сояды. Келесі күні құдаларын шығарып саларда Деріпсәлі Қожекенің ағасына бір түйе және бір жылқы, ал жанындағы бес жолдасына шапан жауып шығарып салады. Бір айдан соң Деріпсәлі 4 жолдасымен қалың малға келеді. Қожеке өз туыстарымен Деріпсәліні күтіп алып, оған 3 түйе (15 жылқыға) және 10 жылқы береді. Арада екі ай өткеннен кейін, Деріпсәлі қайта келіп, қалың малға 60 қой (12 жылқы) алған. Бір жылдан кейін 15 жылқы алады. Осы оқиғадан екі күн өткеннен кейін Қожеке қалыңдығына келген. Онымен бірге бір жолдасы барған. Деріпсәлінің үйіне жетпей Қожеке тоқтап, жолдасын атасының үйіне жіберіп, Қожеке келді деген. Қалыңдықтың жеңгесі шығып, сыйлықтарын алып, Қожекені қалыңдыққа әкелді. Таң ата Қожеке қалыңдықтан естелікке сақина алып үйіне қайтады. Үш айдан кейін Деріпсәлі қалың мал алу үшін қайта келіп, 6 құлынды бие, 2 қысыр бие, және екі құлынға үш жасар жылқы алады. Төрт айдан кейін Деріпсәлі соңғы рет келіп, 5 жылқы, 5 ірі қара және бір түйе (5 жылқыға тең) алады. Сонымен қалың малды төлеп бітеді. Арада 20 күннен кейін Қожеке қалыңдығына қайта келіп, қыздың анасына бір түйе және 30 қой әкеледі. Деріпсәлі туыстарын шақырып, бір жылқы мен бір ірі қара сойып барлық адамдарды күтеді. Әкелінген заттардың үштен екісін келіннің әкесі, үштің бірін жиналған әйелдер алады. Кешке қалыңдықты көрші ауылға қонаққа шақырып, жиналған қыздар мен жастар ән шырқады. Таң ата Қожеке киіз үй иесіне құн – бір шапан берді. Міне Қожеке екі күн өткізді, қыздың жеңгесіне түнде қалыңдыққа әкелгені үшін ол оған әр жолы шапан берді. Бір айдан кейін ол қалыңдықты үйіне алып қайту үшін Қожеке өзімен бірге 7 жылқы, 2 сыыр және бір түйе алып, Деріпсәліге барып оларды тарту етеді. Деріпсәлі бір жылқы және екі ірі қара сойып, өз туыстары мен құдаларын күтеді. Содан кейін молданы шақырады. Не шымылдық, не бата жасау болмады (мен рәсімді тіпті сипаттамаймын, өйткені ол қайталау болар еді) [ҚР ОМА. 64-қ. 1-т. 4236-іс. 64–74 pp.].

Ертесі күні Қожеке қалыңдықты және оның анасын алып үйіне қайтады; онымен бірге төсек орнына 2 жылқы, 4 түйе, бар жақсы киіз үй, сәукеле, 9 ірі қара, шұғамен тысталған 9 ішік, 9 шапан және 7 ішік (3 түлкі ішік, 4 қой терісінен жасалған ішік). Қалыңдықтың анасы Қожекенің үйінде екі күн болып, қайтарында жорға мініп кетеді. Екі жылдан кейін Қожеке ұлды болады, төркіндеп келген кезде Деріпсәлі жиеніне 100 қой, бір түйе, 10 жылқы және бір жорға сыйлағандығы архив деректерінде қатталған [ҚР ОМА. 64-қ. 1-т. 4236-іс. 87–88 pp.].

1884 жылы Қожеке Назарұлы керуен тонады деген жалған жаламен тұтқындалып, бір жылдай қытай абақтысында қамауда болып азатпалған. Осы азаптауларды бейнелейтін «Түрмедегі қинау», «Тас көмір шоғымен қинау» күйлерін шығарады. Қожеке Назарұлының 1884–1885 жылдары аралығында соңғы жазған хаты архивтік деректерде кездеседі. Яғни, 1884 жылы Қытай жеріне ауа көшкен Шажалар тарихына қатысты архивтік құжаттара арасынан.



Fig. 7. The Qozheke seal. Fragment of an archival document  
7-сур. Қожекенің мөрі. Архивтік құжат үзіндісі  
Рис. 7. Печать Кожеке. Фрагмент архивного документа



## Хат мазмұны мынадай

*Жоғары мәртебелі Жаркент уезінің басшысына қазақ Қожеке Назаровтан көп сөз айтты деп айыпқа жазбағайсыз екен. Мен мынаны түсіндіремін: 1-шіден, Қытай мен Ресей арасындағы мемлекеттік шекараны бөлу кезінде мен Верный қаласына облыстық басқарма төрағасы Аристовке Торыайғыр-Жалаңаш жерін беру туралы өтінішпен бардым, ол маған: Қарқара съезінде жер бөлінетін айтты. Мен де қазақтардың құрметті адамдарымен аталған съезге қатысуға бардым, сонда игі жақсылардың көзінше капитан Кашкаров «сен Қытай азаматысың», Қытайыңа кет, деп мені қуып жіберді, мен қытайға қайттым. 2-шіден Жансерке болыстың ұлы және қазақтар Тоқтарбай мен Бөшен 10 казакпен Қарағанды Хонахойдағы менің ауылыма келіп, 11 жылқы, 500 сом ақша, атымның күмістелген жүгені мен құйысқанын және бір мылтық тартып алып кетті; 3-шіден қазақтар Әлібек пен Дадай қоныс аудару кезінде Ақ патшаға ант беріп, мөрін басады, олардың қалған туыстары Жарғалаңға менімен бірге көшіп барады. Хамра бастық (шерік бастығы) Жалғызтайға жетіп, 900 қойымды алып кетті, менің адамдарымның бірін өлтіріп, содан кейін мен Жырғалаңнан Күнгеске көшіп келдім. Мен Қытайдың орыстан бөлінуінде ерікті түрде қашқындардың барлығын білемін. Мен мынаны мәлімдеймін: Ыстықкөл уезі қырғыздарының Байсерке мен Жұман бастаған барымташыларды ұстап алып, оларды қайтарып тастау үшін Тағалдай мәртебеліге тапсырдым, өз жеріне жібер деп. Бірақ Тағалдай олардың жақсы жылқысын тартып алып, Дадайдың жанына қосып қойды. Ресей территориясынан олар жиі барымта жасап, олардан бірнеше рет жылқы ұрлап айдап кеткен, менің өтінішім бойынша бірнеше рет қуып келген иелеріне малдары қайтарылды; Содан кейін Шажалар қашып келді. Тағалдай мәртебелі маған Зан-жунға Шажалар туралы олардың менің құзырымда екенін хабарлауымды ұсынды, мен олардың ұсыныстарымен келіспедім, сондықтан аты аталған шенеунік қазақ руы Шажаларға сабақ берді, сондықтан олар маған қарсы түрлі талап-арыздар айтып жатты, бірақ ол шағымдар Шажа биінің шешімімен жойылды. Енді өз кейінімнен басқа қашып келген адамдарды бұл жерге тоқтатпай қайтарып, өз жеріне айдап жіберуге нәм жараймын әсте сізден хукім әмір болса. Сіздің алдыңызға барып жүзіңізді көре алмағанымды Тағалдайдың ісі мен өз жауабын әр тараптан бәрін ортаға қойдық. Бірінші Құдай, екінші өзіңізге қойдық. Ұлық, ендігі қалған сөз болса Мұхаметкәрім Әжіден сұрай беріңіз [ҚР ОМА. 44-қ. 1-т. 37408-іс. 69–71 pp.]*

Бұдан кейін Қожеке туралы деректер кездеспейді. Қытай билігі 1885 жылы күз айында Қожекені түрмеде азаптап өлтірген. Міне, Қожеке Назарұлының өмірі мен қызметіне қатысты жазба деректерде оның ел басқарған би болғандығын айғақтай түседі.

Қожеке Назарұлы екі некелі болған. Бәйбішесінен – Нұрқа мен Кенжақын. Нұрқа әкесі Қожеке секілді батыр, күйші болған. Ал тоқалынан – Ақмолда, Рахметолла, Рақыш, Батталғазы туған. Қожекенің Нұрқа, Рақыш және Көкшегір атанып кеткен Қаныкей деген қызы шебер, мықты күйші болған. Олар әкесінің күйін шертумен бірге өздері де күй шығарған. Ал Қожекенің немересі Шания мықты күйші болған адам. Осындай бабаларымызды қазіргі жастар біле де бермейтін шығар, өйткені Қожекенің өмірінің соңы қытай жерінде өтіп сонда қытай билігінің қолынан азаптап өлтірілуі еді.

### Қорытынды

Қожеке Назарұлы XIX ғасырдың 60–80 жылдарында Ресей империясы мен Қытай империясының отаршылық саясатына қарсы шығып, елі үшін жанын құрбан еткен азаматтардың бірі болды. Қожеке Назарұлының өмірі мен қызметіне қатысты жазба деректерде оның ел басқарған би болғандығын айғақтай түседі. Қазақстанның тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болуының бастауы – қазақ халқының азаттық жолындағы ғасырлар бойғы толассыз күресінде жатыр. Міне сондықтан да жылдар бойы азаттықты армандап, әділеттің ақ жолын аңсап, ата-бабаның қасиетті қонысы кез келгеннің қолында кетпес үшін күрескен ерлер есімін құрметтеу – ұрпақ парызы, елдіктің белгісі.



## Библиография

- Аристов Н. Отношения наши к дунганам, Кашгару и Кульдже // Материалы для статистики Туркестанского края: в 4 ч. Ч. 3. Санкт-Петербург: Изд-во туркестанского стат. комитета, 1874.
- Әлібек Т. Жетісу ақындары. Зерттеулер. Алматы, 2008.
- Бабков И.Ф. Воспоминание о моей службе в Сибири 1859–1875 гг. Разграничение с Западным Китаем 1869 г.: в 3 кн. Кн.1. Санкт-Петербург: Тип. В.О. Кришбаума, 1912.
- Бәйдібек баба – Алып бәйтерек. Албан ата энциклопедиялық шежіре. Алматы, 2003
- Джамгерчинов Б. Очерки политической истории Киргизии XIX века. Фрунзе: Кыргызстан, 1966.
- Жансүгіров І. Жетісу. Алматы: Ценные бумаги, 2001.
- Кузнецов В.С. Цинская империя на рубежах Центральной Азии. Новосибирск: Наука. Сибирское отделение, 1983.
- Қауғабаев Т. Тазабек батыр // Парасат. 1995. № 6. 10 б.
- Қозыбаев М. Киелі тәуелсіздік. Алматы: Баспалар үйі, 2009.
- Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. Санкт-Петербург: Воен. типография, 1890.
- Мұқаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы. Алматы, 2000.
- Рязанов А.Ф. Набеги хивинцев и туркмен в киргизскую степь в 1848 году. Оренбург, 1925.
- Талып Молдо. Кордолгон заманда // Кыргыздар. Тарых. Мұрас. Өнер. Бишкек: Кыргызстан – Сорос фондусу, 1995. 3 т. 91–137 бб.
- Троцкий В.Н. (ред.). Перечень событий на Сыр-Дарьинской линии, со времени ея учреждения по 1860 г. // Русский Туркестан. Санкт-Петербург: Тип. товарищества «Общественная польза», 1872. Вып. 3.

## References

- Alibek, T. 2008. *Zhetisu aqyndary. Zertteuler [Poets of Zhetysu. Research]*. Almaty.
- Aristov, N. 1874. Otnosheniya nashi k dunganam, Kashgaru i Kul'dzhe [Our relationship with the Dungans, Kashgar and Gulja]. In: *Materialy dlja statistiki Turkestanskogo kraja* [Materials for statistics of the Turkestan region]. In 4 parts. Part 3. St. Petersburg: Publishing house of the Turkestan statistical committee, 1874.
- Babkov, I.F. 1912. *Vospominanie o moej sluzhbe v Sibiri 1859–1875 gg. Razgranichenie s Zapadnym Kitaem 1869 godu* [Memories of my service in Siberia 1859–1875. Demarcation with Western China in 1869]. In three books. Book 1. St. Petersburg: Krishbaum Printing House.
- Bajdibek baba – Aлып bajterek 2003. *Alban ata jenciklopedijalyq shezhire* [Encyclopedic genealogy of Alban ata]. Almaty.
- Dzhamgerchinov, B. 1966. *Oчерки politicheskoy istorii Kirgizii XIX veka* [Essays on the political history of Kyrgyzstan in the 19th century]. Frunze: Kyrgyzstan.
- Kuznecov, V.S. 1983. *Cinskaja imperija na rubezhah Central'noj Azii (vtoraja polovina XVIII – pervaja polovina XIX veka)* [The Qing Empire on the borders of Central Asia (second half of the 18th – first half of the 19th century)]. Novosibirsk: Publishing house “Nauka”.
- Maksheev, A.I. 1890. *Istoricheskij obzor Turkestana i nastupatel'nogo dvizhenija v nego russkih* [Historical overview of Turkestan and the Russian offensive movement into it]. St. Petersburg: Military printing house.
- Muqamethanuly, N. 2000. *Qytajdagy qazaqtardyn qogamdyq tarihy* [Social history of the Qazaqs of China]. Almaty.
- Qauqabaev, T. 1995. Tazabek batyr. In: *Parasat*, 6, 10.
- Qozybaev, M. 2009. *Kieli tauelsizdik* [Sacred independence]. Almaty: Baspalar uji.
- Rjazanov, A.F. 1925. *Nabegi hivincev i turkmen v kirgizskuju step' v 1848 godu* [Raids of Khivans and Turkmens into the Kyrgyz steppe in 1848]. Orenburg.
- Talyp Moldo, 1995. Kordolgon zamanda [In an era of humiliation]. In: *Kyrgyzdar. Taryh. Muras. Oner* [Kyrgyz. Story. Heritage. Art]. Bishkek: Kyrgyzstan – Soros Foundation. Book 3. 91–137.

Trockij, V.N. (ed.) 1872. *Perechen' sobytij na Syr-Dar'inskoj linii, so vremeni eja uchrezhdenija po 1860 godu* [List of events on the Syr-Darya line, from the time of its establishment until 1860]. In: *Russkij Turkestan [Russian Turkestan]*. St. Petersburg: Printing house of the Public Benefit Partnership. Issue. 3.

Zhansugurov, I. 2001. *Zhetisu*. Almaty: Cennye bumagi.

Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest / Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді / Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье

Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 20.02.2023

Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами: 20.04.2023

Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 01.06.2023



UDC/ЭОЖ/УДК 94"16/18"; 94(574)  
ICSTI/FTAMP/MPHTI 03.09.31; 03.20.00

## The petition of a Qazaq official, Turdybek Syrtanov: an introduction to the Qazaq life strategies in the tsarist colonial era

**Xavier HALLEZ**

*PhD, Researcher, French Institute for Central Asian Studies, Bishkek, Kyrgyzstan.*

*E-mail: xavier.hallez@ehess.fr*

*https://orcid.org/0009-0009-1502-1617*

**Keywords:** Qazaqs; Russian empire; colonial policy; Naiman; Matai-Qaptağai; Turdybek Syrtanov

**Тірек сөздер:** Қазақтар; Ресей империясы; отаршылдық саясат; найман; матай-қаптағай; Тұрдыбек Сыртанов

**Ключевые слова:** Казахи; Российская империя; колониальная политика; найман; матай-каптагай; Турдыбек Сыртанов

On example of the biography of Turdybek (Turlybek) Syrtanov (1860–1906), an interpreter and translator under the Semirechye regional administration, the article deals with the formation of a new Qazaq social group of officials in the service of the Russian colonial apparatus. The establishment of the Russian colonial regime in Qazaq Zhetysu (Semirechye) and the administrative integration of Qazaq territories into the Russian Empire had transformed Qazaq political and social institutions so that Qazaq elites had to rethink their political functions. The representatives of the former Qazaq nobility could now occupy only lower elected positions in the new administrative units, managing *volosts* and *auls*. At the level of regions and districts there were no Qazaqs. In such circumstances, the position of *volostnoy upravitel'* (*volost* ruler) allowing certain lineages to enrich themselves, became the main source of power, among the Qazaqs. To gain and retain this power for themselves and their offspring, the *volost* rulers used financial resources, trade, and personal connections with the colonial administration. The biography of Turdybek Syrtanov demonstrates a different way of adaptation to the new colonial context. In the Matay-Qaptağay (Arasan) Volost of the Kapal District of the Semirechye Region, the leading role belonged to the *qydyrali* lineage of the *matay-qaptağay* clan of the *nayman* tribe of the Middle Zhuz. The representatives of this lineage dominated in the area and monopolized the elective position of *volostnoy upravitel'*. The *qulshan* lineage of the same *matay-qaptağay* clan retained only the functions of *biys* in their own *administrative aul*. The head of the Qulshans, Syrttan Bokin (1837?–1916) sent his two eldest sons, Turdybek and Barlybek (1866–1914), to a Russian school in Kapal and then to a gymnasium in Verny. The article examines the motives encouraging the Qazaqs to send their children to Russian schools and making them enter the public service. The main document analyzed in the article is the petition of Turdybek Syrtanov dated May 18, 1902, which is preserved in the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. The document shows the Qazaqs' perception of their own world and its representation for the Russian administration. At the end of the article, the document commented by the author is reproduced in full.

**For citation:** Hallez Xavier. 2023. The petition of a Qazaq official, Turdybek Syrtanov: an introduction to the Qazaq life strategies in the tsarist colonial era. *Qazaq Historical Review*, 1 (2), 230–246 (in Russian).